

### **ТАЙМБЕТОВ АУЕЗ БАҒБАНҰЛЫ**

Бизнесмен, меценат, ҚазГуградтағы "Мәңгілік Ел" салтанатты аркасының құрылысының демеушісі (2016). Әуез Таймбетов 1989 жылы 15 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол-Ұлы Отан соғысының қатысушысы, Кеңес Одағының Батыры Таймбет Көмекбаевтың немересі (1896-1997). Әуездің әкесі-ҚазМУ заң факультетінің 1989 жылғы түлегі Бағбан Таймбетов, қазір белгілі заңгер-практик, прокуратура органдарының еңбек сіңірген қызметкері, генерал-майор, 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі. Әуез Таймбетов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінде оқыды. 2011 жылы "ядролық емес мемлекеттер қауіпсіздігінің халықаралық-құқықтық кепілдіктері" тақырыбында дипломдық жұмысты қорғады, Алматы Әділет департаментінде тәжірибеден сәтті өтті, одан кейін Дипломмен "Халықаралық құқық" мамандығы бойынша "құқық бакалавры" академиялық дәрежесі берілді. Студенттік жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін Әуез Таймбетов экономиканың түрлі салаларын қамтитын кәсіпкерлік қызметке белсенді тартылды. 2008-2012 жылдары Әуез Бағбанұлы компанияны құрылыс секторында басқарды және оның басшылығымен Қазақстан аумағында 40-тан астам азаматтық-әлеуметтік және коммерциялық нысандар пайдалануға берілді. 2013-2015 жылдары Әуез Таймбетов Алматыда ірі өндірістік объектіні салу және одан әрі пайдалану үшін инвестициялар тартты. Сонымен қатар ол IT жобаларды іске асыруға қатысты. 2016 жылы ол "КЭМОНТ" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы – Қазақстан Республикасының Энергетика және электр жабдықтарын өндіру саласындағы көшбасшы лауазымына тағайындалды. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК "АҚ еншілес компаниясы "Волковгеология" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2016 жылдан бастап). Әуез Таймбетовтің Бизнес-мүдделері мұнай трейдингі (мұнай өнімдерін сату) және жер қойнауын пайдалану (қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру) салаларын да қамтиды. Бизнес-жобаларды іске асырудан басқа А. Б. Таймбетов әлеуметтік жобаларға белсенді қатысады. Атап айтқанда, Әуез Таймбетовтің белсенді көмегімен жергілікті және өңірлік деңгейлерде қазақ күресінен, самбо, джиу-джитсу және дзюдодан жарыстар ұйымдастырылды. Өзінің белсенді қызметі үшін Әуез Бағбанұлы "Алатау" Алматы қаласының Қазақ күрес федерациясы"ҚБ құрметті президенті болып тағайындалды. Әуез Таймбетов атасы мен әкесіне теңестіре отырып, кәсіпкерлік қызметті әлеуметтік жауапкершілікпен және ашық жүргізуге ұмтылады. Әріптестері, курстастары Әуез Таймбетовтің айрықша белгілері әдептілік, адалдық, ашықтық және Отанға деген сүйіспеншілік екенін атап өтті.



### **МҰРАТ ӘБУҒАЛИҰЛЫ НҰРТІЛЕУ**

Мұрат Әбуғалиұлы Нұртілеу 1976 жылы 11 наурызда Алматы қаласында туған. 1998 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетін тәмамдаған. Қазіргі таңда, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі лауазымын атқарады.

Бұрын ол Сыртқы істер министрінің кеңесшісі (2004–2006), Парламент Сенаты Аппаратының басшысы (2007–2011), Қазақстан Республикасының Женевадағы тұрақты өкілдігінде кеңесші-уәкіл (2011–2014), Қазақстанның Финляндия мен Эстонияға қатар Төтенше және өкілетті елшісі (2016–2019), Қазақстан Президентінің көмекшісі (2019–2021), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары (2021), Президент Әкімшілігінің басшысы (2022–2023) және басқа да лауазымдардың иесі болған. 2023 жылғы 3 сәуірден бастап ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі болып тағайындалды.

Мұрат Әбуғалиұлы 2022 жылғы наурыздан бастап «Аманат» партиясының Саяси кеңесі Бюросының құрамына кіреді және Қазақстан Президенті жанындағы реформалар жөніндегі Жоғары Кеңестің мүшесі болып табылады.

2010 жылы «Құрмет» орденімен, 2018 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы медальімен, сондай-ақ ТМД Парламентаралық Ассамблеясының Құрмет грамотасымен (2011 ж.) марапатталған. Ағылшын және неміс тілдерін меңгерген. Үйленген, төрт ұл тәрбиелеп отыр.



### **ОРСАРИЕВ АРЫН АМАНГЕЛДІҰЛЫ**

Орсариев Арын Амангелдиевич, саясаттану ғылымдарының докторы, 1998 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультеті, халықаралық қатынастар мамандығын бітірген. «Болашақ» бағдарламасының түлегі (Сорбона университеті, Франция, 2000 ж.). «Дарын» Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Қазақстан Парламентіне 10 жыл» (2006), «Астананың 10 жылдығы» (2008) медальдарымен марапатталған. Еңбек жолын 1992 жылы Целинная теміржолының қыркыншы станциясының монтері болып бастаған; 2000 жылы жоғары санатты маман, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясының оқытушысы, ҚР Сыртқы істер министрлігінің екінші хатшысы болды; 2000-2002 жылдары – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Талдау орталығының аға сарапшысы, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының аға сарапшысы; 2002-2004 жылдары-Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің аға сарапшысы; 2004-2005 жылдары-Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат басқармасының ақпараттық-талдау орталығының бас сарапшысы, сектор меңгерушісі; 2005-2008 жылдары-Астана қаласы ішкі саясат департаментінің директоры, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары; 2008-2009 жылдары-Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының міндетін атқарушы; 2009–2012 жылдары-Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры; 2012 жылғы ақпаннан 2015 жылғы сәуірге дейін - Павлодар облысы әкімінің орынбасары; 2015 жылдың сәуір айынан – Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры. 2017–2019 жылдары – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жауапты хатшысы. 2019–2022 жылдары – «Ғылым қоры» АҚ Басқарма Төрағасы 2022–2023 жылдары – «Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті» директорлар кеңесінің төрағасы 2023 жылдың қыркүйегінен бастап - қазіргі уақытта Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады.



### **ӘБДИМОМЫНОВ АЗАМАТ ҚҰРМАНБЕКҰЛЫ**

Азамат Құрманбекұлы Әбдімомынұлы (1975 жылы 21 тамызда туған) - 1994 жылғы «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты. 1997 жылы Индиана университетін (АҚШ) бітіріп, тарих бакалавры және саясаттану бакалавры дәрежесін алды. Гарвард университеті Дж. Кеннеди атындағы мемлекеттік басқару мектебін халықаралық және ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат магистрі дәрежесімен бітірген (1997–99). «Орталық Азияның 2015 жылға дейінгі геосаяси жағдайы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, ҚазМУ-дың үздік дипломын алды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының штаттан тыс қызметкері, штаттан тыс кеңесшісі (1997-1999);

Стратегиялық жоспарлау департаментінің бас талдаушысы, «Қазақойл «Ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ Стратегиялық жоспарлау және сыртқы экономикалық байланыстар департаментінің бас менеджері (1999-2000); Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс ресурстарын талдау және басқару бөлімінің бастығы (2000-2001); Ақпараттандыру және геоақпараттық жүйелер басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының жаңа технологиялар және нысаналы бағдарламалар департаментінің бастығы (2001-2002); Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің жүйелік зерттеулер орталығының басшысы (03.2002-03.2004); Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің экономикалық саясат басқармасының жүйелік зерттеулер орталығының меңгерушісі (04.2004-01.2005);

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Вице-министрі (01.2005–05.2007);

«Самғау» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (05.2007–02.2008); Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің штаттан тыс кеңесшісі (2008–2012);

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығының меңгерушісі (11.2012–01.2014);

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының міндетін уақытша атқарушы (10.2014–11.2014);

Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының меңгерушісі (01.2014–06.2015);

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының Орынбасары (06.2015-08.01.2022)

Запастағы Подполковник Мемлекеттік және халықаралық наградалар, сыйлықтар, құрметті атақтар: «Құрмет» ордені (2014), ведомстволық медальдар;

Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының құрметті мүшесі (2007)



